



5-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛЕМ МУЗЫКАСЫНЫҢ ТАРИХЫ. 2-БӨЛІМ

Оңтүстік Шығыс Азия музыка
өнерінің тарихы





Кітап: Әлем музыкасының тарихы. 2-бөлім
Дәріс: Оңтүстік Шығыс Азия музыка өнерінің тарихы
Дәріс авторы: Әлия Сабырова

Бұл дәріс «Оңтүстік Шығыс Азия музыка өнерінің тарихы мәселелері», авторы зерттеуші МАРГАРЕТ КАРТОМИ Оңтүстік Шығыс Азияның географиялық және мәдени тұжырым бірлігі болып, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ғана кеңінен қабылданды деп көрсетеді. МАРГАРЕТ КАРТОМИдің мақсаты, Оңтүстік Шығыс Азия музыка тарихына шолу жүргізу, сонымен қатар аймақтың музыкалық мәдениеті туралы басылымдардың тарихи аспектілерімен бірге және негізінен Индонезиядағы, Таиландтағы, Малайзиядағы, Вьетнамдағы және Филиппиндегі неғұрлым зерттелген музыкалық мәдениеттерге назар аударатырып, тарихи дискурстың кейбір негізгі тақырыптарына сыни қарау.

Бұл аймақта этнолингвистік топтардың үлкен түрі бар, олардың әрқайсысында жеке өзінің дербес музыка мәдениеті мен тарихы, тау аңшыларынан бастап су жағасының балықшыларына дейін бар.

Аймақ буддалық материк және мұсылмандық аралдар деп бөлінеді.

Көптеген пәнаралық зерттеулерге негізделген бірнеше жалпы тарихи сипаттамалар, жалпы Оңтүстік Шығыс Азияда жарияланды, бірақ музыка тарихы, этнос пен жанрлардың жекелеген тарихына қарағанда әлі жазылмаған еді. Бұл, қазіргі жағдайлардың және тарихи білімнің арасындағы айырмашылыққа, дәйеккөздердің әр түрлілігі мен сәйкес келмеуіне, сондай-ақ көптеген ғалымдардың аймақты толық деп қарастыруының ауытқуларына байланысты болды.

Тайланд, Орталық Ява және Балидің сарай музыкалық өнерін тарихи және мұрағат зерттеулері айтарлықтай болғанымен, басқа аймақтардың мыңдаған этнолингвистік топтардың көптеген музыкалық мәдениеттері зерттелмеген.

1980-жылдардан бастап бұрын зерттелмеген музыка мәдениетін, жанрын немесе аспаптарын жалпы өзіндік аймақтық тарих немесе адамдарды біріктіретін музыкалық этнография ыптамасы жарияланды, ал басқалары бытыраңқы археологиялық, иконографиялық және эпистолярлық мәліметтерді байланыстырады.

Таңдаулы орындаушылар мен композиторлардың және ғалымдардың бірнеше өмірбаяндары тірі кездерінде деректерге негізделіп дайындалды.

Кей ғалымдар тарихты «естеліктерден» оқуға болады деп есептейді, мысалы, Малазия мен Португал байланысының нәтижесінде, Малакка колониясында 1511 және 1641 жылдар аралығындағы пайда болуы ықтимал дондан саянг (махаббат әні) музыкасындағы Малазия және Еуропа элементтерін саралай отырып, көруге болады. Дегенмен, бірде бір автор Оңтүстік Шығыс Азия музыка тарихын толығымен жаза алмады.

Осы ретте тарихқа дейінгі дәуірді қарастырып көрейік.

Қол жетімді дереккөздер ежелгі қоныс аударуды қосқанда, тек болжамды ғана тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Вьетнамда археологиялық қазба барысында табылған литофон жинағы б.з.д. үшінші ғасырдан бірінші ғасырға дейінгі уақытты көрсетеді. Бұл табылған аспаптар бірінші мыңжылдықта немесе одан да бұрынырақ бүкіл Оңтүстік Шығыс Азияға таралған ксилофондардың бастамасы болуы мүмкін. Бұл аспаптар корольдік шежіре мен ауыз әдебиет дәстүрінде кездесетін вьетнамдық бамбуктен жасалған трунг және сундандық калунг. Ең алғашқы гонсолық гонгтар б.з.д. бірінші екі жүз жылдықтарда жасалуы ықтимал, бірінші шыққан жері Ява болуы мүмкін, сол жерден аймақтың біраз жеріне таралды.

Dong-sop мықынды қола барабандардың сынықтары оңтүстік және оңтүстік шығыс Қытайда, Индонезияның барлық жерінен, Филиппинде, Бирмада, Тайландта, Малайзияда, Лаоста, Камбоджада, Вьетнамда табылды. Бұл барабандар әр түрлі жағдайларға арналуы мүмкін. Оның бетіндегі суреттерден бір кездері жауын шақыру магиялық рәсімі кезінде немесе күнге табыну рәсімінде ойналғанын білуге болады. Осындай барабанның бірі Балидің Банли ауданындағы көне Пеженге ғибадатханасының шатырының астына орналасқан, Донгсонг аспаптарының баяғыдан музыкалық мәдениеттен алыстатылғанымен оны ойнауға да, оған қол тигізуге де рұқсат етілмеді.

Жабайы жануарлардың (мысалы, кесіртке немесе жылан) терісінен жасалған барабандар және балық терісімен созылған мембраналы қиғаш ішектер көбіне оқшауланған облыстарда кездеседі және өте көне аспап болып табылады. Сонда, қолға үйретілген ешкі мен енеке терісінен жасалған аспаптар қалайша біздің заманымыздың бірінші мың жылдығымен көрсетіледі? Күріш дәнін тазалауға арналған ағаш блоктар көп ғасыр бұрын ойыншылар өзара үндестік ырғақтарда әр түрлі тондар шығаратын музыкалық аспапқа айналды, бірақ олардың түрлері әр аймаққа сай ерекшеленеді.

Бірқатар дереккөздерден көргеніміз, б.з. бірінші және оныншы ғасырлар арасында Оңтүстік Шығыс Азия елдері Үндістанмен және Қытаймен сауда, көркемдік, сәулет және діни байланыста болған, бұл өз кезегінде музыка өнеріне айтарлықтай үлес қосқан. Үндістандық саудагерлер, дін қызметкерлері, суретшілер мен колөнершілер аймақтың көп бөлігіне рәсімдер, литургиялық әндер, аспаптық музыка және



Кітап: Әлем музыкасының тарихы. 2-бөлім
Дәріс: Оңтүстік Шығыс Азия музыка өнерінің тарихы
Дәріс авторы: Әлия Сабырова

бимен қатар индуизм және буддизм түрлерін әкелді; жергілікті тұрғындар оларды өздеріне сіңіріп, жаңа тіршілік ортасына табиғи түрде айналдырды. Сонымен қатар, құрлықтың және аралдың оңтүстік-шығыс Азияның көптеген бөліктерінде жергілікті музыкалық, би және театр түрлерінің бай спектрі ұлы Үнді эпостары Рамаяна мен Махабхарата үзінділерінен, индуистік және буддистік идеялардан дамыды.

Ортағасырлық Оңтүстік Шығыс Азияда индуизм мен буддизмнің өзіндік байланысының қалай пайда болғаны туралы дереккөздердің еш мәлімет бермеуі тарихшылар үшін мәселеге айналды. Діни қауымдар мен олардың тантрикалық эстетикасы Орталық Ява дүниетанымның қайнар көзі болып, музыкасы мен биіне дендеп енді. Барабудхурдегі көптеген аспаптардың бедері отаршылдық дәуірде үнділер аспабы деп қалыптасқан ойға қарамастан, сол жерде шығарылған болуы мүмкін. Олардың қатарында, барабанның бірнеше түрі, екі ішекті лютня, арфа, көлденең флейта, варган, қамысты флейта, қуыс-труба, кішкентай гонг, металлофон, ксилофон, қоңыраулар, сылдырмақты табақ, сонымен қатар үлкенді кішілі табақтар бар.

Үнді көркем өнер тәжірибесінің таралуы, Оңтүстік Шығыс Азия суретшілерінің индуистік эпостар, Рамаяна мен Махабхаратаның және джатака (Будданың өмірі) туралы буддалық әңгімелердің жергілікті музыкалық, би және театрланған қойылымдарының көріністеріне әкелді.

Үнді аралы Балиде нағыз үнді әсері сегізінші ғасырда немесе одан бұрынырақ басталды, ал үнді буддалық Яваның Балимен байланысы тоғызыншы ғасырда басталды. Он төртінші он бесінші ғасырларда үнді-яван қолөнершілері, дін басылары және дворяндар Маджапахит шығыс Яван корольдігінен Балиге қашты, сол жерлерде үнді, буддалық-яван, және балилік мәдениетті жалғастырып дамытты, ал Сарай рәсім, гамелан, би және театр үлгісін қалыптастырды.

Он үшінші ғасырдың аяғындағы Құбылай ханның бас көтеруі Қытайға моңғол шапықыншылығын әкелді, бұның соңы бирмандық пұтқа табынушылық королдікті, Камбоджа мен Шығыс Явадағы үнді билігімен қатар құлатты.

Тайлықтардың Бирмадан Тайландқа жер аударып, Тайландтың солтүстігінде 1350 жылы өз астаналарын құрды. Келесі жүз жылдықта бирмандықтар, тайлар, лаостықтар және камбоджалықтар өзара театр, музыка, би түрлерін соғыс олжасы деп немесе тыныш татулықтың жемісі деп құрып қалыптастырды. Олардың қола ансамблдері, әндері, билері, театры стилистика мен материалдық жағынан ұқсас болғанымен, өзіндік маңызды ерекшелікті сақтап қалды.

Екінші мың жылдықтың басынан бастап Индонезияның, Малазияның, Филиппиннің оңтүстік бөлігі, Сулу, Борнео / Калимантан аралдары және басқалары/ исламды қабылдай бастады. Көптеген табысты шетелдік саудагерлер исламды мойындады, ал Үнді және Таяу шығыс мұсылман миссионерлері ауылдық жерлерде орналасқан тантрикалық монастрлерде уағыздар айтты. Джудит Беккер тантриялық буддистік және индуистік тәжірибе мен діни-көркем идеялар он төртінші ғасырдың тұсында біріктіріліп, сақталып, ішінара осы күнге дейін жеткізілгенін көрсету үшін дереккөздерді жинады. Одан алынған исламның плюралистік, толеранттық түрінде анимистік, тантриялық және савито-будданың қырлары, олардың салт-дәстүрлері және олармен байланысты орындаушылық өнер түрлерінде жаңа сопылық элементтері барымен ерекшеленді.

Шамамен 1300-ші жылдан бастап Сулу және Борнео аралындағы мұсылмандардың Миндан'аоға бет бұруы сопы дін таратушылардың және саудагер мұсылмандардың әрекетімен байланысты болды. Он бесінші ғасырдың басында сұлтандық үлкен сауда орталығы және мұсылмандық білім беру орталығы есебінде құрылды. Аңызға сенсек, миссионер-суретші сопылар Филиппиннің оңтүстігіндегі Малайе ауыл тұрғындарын, Ява, Батыс Суматрадағы Ачех және оның сыртындағы да тұрғындарды исламға иландырды.

Осылайша сан санг (тоғыз мұсылман киелісі) бүкіл Яваға исламды кезбе суретшілер және үлкен аудиторияны өзіне қарата алып, оларға уағыз бен тарихты тындауға және дұға жасауды үйретуге мүмкіндік бере алатын музыканттары арқылы таратты.

Суфизмдік мистикаға және сонымен байланысты түрлеріне негізделген мұсылмандық діни әндер мен билердің кең ауқымы, аралды Оңтүстік Шығыс Азияға, Малайяға таралып кетті. Осының бір түрі жиекті барабанның сүйемелдеуімен жеке және топпен ән салу компангі болды, бұл Малайзия мен Суматраның кей жерінде әлі күнге дейін сақталған.

Исламға бет бұрғанына қарамастан, индуистік/буддалық-явалық гамелан дәстүрі және вокалды музыка, би, театр Яваның ауылдарында, королдік сарайларда ерекше қамқорлықты қамтамасыз етіп, «нәзік» стильдер мен репертуарлар жасай отырып, өркендеп, жалғасып жатты. Балидегі суретшілер өздеріне индуистік/буддалық-явалық мәдениетті сіңіріп алса керек, олар өздерінің Бали аңыздары мен қасиетті индуистік Рамаяна эпосына Балилік баламалануына негізделген жеке Гамелан би театр стилін дамытуды жалғастырды.



Кітап: Әлем музыкасының тарихы. 2-бөлім
Дәріс: Оңтүстік Шығыс Азия музыка өнерінің тарихы
Дәріс авторы: Әлия Сабырова

Вьетнамның музыка мен мәдениетінің “Алтын ғасырында” (XI-XIV ғ.) күрделі хореографиялық билер, су, қуыршақ және басқа да театрландырылған қойылымдар, буддалық құлшылық әндері және әр түрлі оркестрлер мен ансамбльдерге жазылған сарай музыкасы көрсетілді. Мерекелер мен буддалық рәсімдер кең таныла бастады. Бірақ, он бесінші ғасырдан бастап он тоғызыншы ғасырға дейін Вьетнам монархиясы Қытай, әсіресе Конфуций идеалдарын әлеуметтік, мәдени, саяси әрекеттердегі негізгі бағдар деп қабылдады. Нәтижесінде, сарайдың сырбаз музыкасы қарапайым адамдардың музыкасынан өзгеше болды.

Бұл ретте әсіресе ерте отаршылдық кезең назар аударуды қажет етеді

Отаршылдық дәуір, дәмдеуіштер мен шығыс Индонезияның басқа да дүниелерін саудалау ықпалында, еуропалықтардың он алтыншы ғасырда сол жерге алғаш рет келіп мәсіхшілікті таратуы кезінде басталды. Португалия 1511 жылы коммерциялы Малакка (Мелака) сұлтанатын жаулап алды, 1570 жылдан испандықтар Филиппиннің оңтүстік мұсылмандарын отарлай бастады, ал голандықтар аралға сауда таратушыларды он жетінші ғасырда жібере бастады.

Филиппиннің жергілікті мәдениеті испандықтар келгенге дейін жайқалды. Он алтыншы ғасырдың басында монахтардың, мемлекеттік қызметшілердің және саяхатшылардың баяндамалары ағаш, бамбук және қола аспаптар мен ауыл шаруашылығына, балық аулауға, сүйіспеншілікке, эпостық әңгімелерге, сондай-ақ, өмірлік іс-шаралардың жылдық циклі үшін музыкаға және биге арналған әндердің байлығын сипаттады.

Мұсылмандық оңтүстікті қоспағанда, Испанияның ықпалы адамдардың католицизмге бет бұруымен тығыз байланыста болды. Дін таратушылар филиппиндіктерді шіркеулер баруға үгіттеді, сол жерде олар григорианша ән салуды, органда және полифония ойнауды, күрделі мессаларды, фестивалдерді, мерекелерді басқаруды үйренді. Құлшылық және паралитургия жанрынан бөлек латынамерика және испандық Куба ерекшелігінен дүбара жанрлар қалыптасты.

Малакада, Португал теңіз империясының басқа бөліктерінде отаршылдық шаруаға филиппиндіктерді және басқа да Оңтүстік Шығыс Азия музыканттарын жалдады, олар құл ретінде жұмыс істеді, солар арқылы еуропалық ысқышты және ішекті, сонымен қатар басқа да аспаптар таралды.

Малай-португалдық браньо әлеуметтік биі мен дондан сайанг (махаббат әні) музыкасы Малаккада вокалистпен, скрипкашымен, шертпелі ішекті, фисгармония және ұрмалы аспаптармен бірге осы отаршылдық малай-португал тұрмыстық ортада болуы мүмкін.

Ауып келген малай-еуропа музыкасының түрлері, капри биінің музыкасы және батыс жағалау Суматрадағы гимат та португалдардың малайлармен ең алғашқы байланысында шығарылуы мүмкін.

1641 жылы Португалия өз империясын голландтықтарға береді, он сегізінші ғасырдың басында Голландтық Ост-Инд компаниясы Индонезияның басым бөлігін бақылауда ұстады, ал британдық билік Малайзия мен Сингапурден үлгі алды. Голландиялықтар Индонезияның кейбір бөліктеріндегі мәсіхшілер міндетін атқарды, сондай-ақ жергілікті музыканттарды аспаптармен және ноталармен жабдықтады, оларға темір аспаптар (мысалы, труба және тромбондар) және Ява мен Суматрадағы танджидор топтарына барабандар таратқан. Танымал малай топтары скрипкаларды және батыстық үйлесімділікті малай стиліндегі вокалдық дуэттермен, барабандардағы циклдық ойындармен және жұптас билермен біріктірді, осылайша Индонезия мен Малайдағы кронконг сияқты синкреттік музыка мен би жанрларын құрды.

Мұсылмандық империя ішінара музыкалық өнер арқылы Голландтық Ост-Индияда, Малайзияда және Филиппиннің оңтүстігінде таралуы жалғасты. Голландтық отарлық билік, еуропалық заңнаманы енгізіп, шанах заңдары мен мұсылман әдет-ғұрыптарына емес, жергілікті және басқа да мұсылмандық емес дәстүрлерге көбірек көңіл бөле отырып, мұсылман қауымдарын бақылауға тырысты. Кейбір аудандарда мұсылмандардың сенімі күшейе түскен сайын, ислам сенімі отаршылдыққа қарсылық танытуға шақыру болды. Дипонегоро Ява ханзадасы он тоғызыншы ғасырдың басында голландтықтарға қарсы сәтсіз аяқталған соғыс бастады. Киелі жермен байланыс орнағанына қарай, мұсылмандық өнер түрлері кең таныла бастады, әсіресе, фрейм-барабанның түрлері, қасиетті мәтіндерді топпен сүйемелдеп орындау, сондай-ақ олардың зайырлы тармақтары Ачехедегі ратох дуэк (бос сөздер) де танылды. Мұсылман қауымымен байланысты өнер мұрагерлік, индуистік-буддистік дәстүрімен қатар өмір сүрді, оның тәжірибесі ауылдық стильдердің түрлілігінде жалғасты, сонымен қатар әр корольдік, аулалардың әрқайсысы әр түрлі ансамбльдер мен репертуарларды сақтап, дамытып отырды.



Кітап: Әлем музыкасының тарихы. 2-бөлім
Дәріс: Оңтүстік Шығыс Азия музыка өнерінің тарихы
Дәріс авторы: Әлия Сабырова

Ерте отаршылдық кезең де оңтүстік Шығыс Азияда елеулі болды.

1850 жылдан бастап Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі отаршылдық кезеңі отаршылдық әскери экспансия дәуірі болды. Көптеген көшіп-қонушы отаршылдардың шахталарында және тауар дақылдарының плантацияларында (қант, бұрыш және т.б.) экспорттау жұмысын істеді. Оңтүстік Шығыс Азия жері үнді және қытай мигранттарын мың жыл бойына қабылдады, бірақ енді хакка-ерлер тобы мен хоккеин жұмысшылары Қытайдан Британдық Малай және голландтық ост-Үндістан шахталары мен плантацияларды басқару үшін әкелінді, сонымен қатар олардың көпшілігі жергілікті қыздарды әйелдікке алды. Жергілікті Малайлық музыка мен билер, еуропалық үрмелі оркестр музыкасы; қытайдың кезбе театры да белгілі жағдайда ғана өнер көрсетті. Явада, Суматрада, Малайда және осы жерлердің айналасында кетопрак, бангсаван, Дул Мулук және басқа да театр труппалары жергілікті аңыздар, Қытай және тіпті Шекспир көрермендеріне арналған әңгімелерді орындай отырып, аралас еуропалық және Малай аспаптарының топтарымен көп саяхаттады. Жергілікті рандай театр формасы бүкіл батыс Суматрада танымал болды.

Кей облыстардың, мысалы, Солтүстік Суматрадағы Батак ауданы мен Нисайда, он тоғызыншы ғасырда мәсіхшілікке айналуы жылдам дамыды. Кунст Ниаста жергілікті дәстүрлер өте әлсіреп, шіркеулердің төзімсіздігіне байланысты толығымен жойылды. Музыкалық дәстүрдегі Елеулі музыкалық және функционалдық өзгерістер 1860 жылдан 1990 жылға дейін Солтүстік Суматраның протестанттық аудандарында Лютеран дінінің миссионерлігінің нәтижесі болды. Дегенмен, тез дамып келе жатқан Америка Құрама Штаттары еуропалықтар сияқты отарлық ұмтылыстарға ие болды.

1899 жылы испан-американ соғысында жеңіске жеткеннен кейін, Филиппиндегі отарлар американдықтарға жол тартты. Сол кезде испан-Филиппин шіркеу музыкасы дами бастады және Американдық музыкалық білім енгізілді. Минданаоның куинтанг синкреттік жанры - (гонгхима қола ансамблі) Минданаодағы T ' bolі жанры және испан-Филиппиндік-мысалы, панданггоның жергілікті биі (испан фанданго желісімен), рондалланың шертпелі аспаптық ансамблі және батыстық гармониямен кундиман махаббат әндері сияқты таулы топтар ансамблінің вокалдық / аспаптық музыкасы сияқты тәжірибелерімен жалғастырылды.

Дәріс тақырыбы бойынша қосымша ресурстар:

1. Abubakar C. (1983) «Оңтүстік Филиппиннің исламдануы: Шолу», кітапта F. Landa Jocano (ed.), Филиппин мұсылмандары: олардың әлеуметтік институттары мен мәдени жетістіктері
2. Ассман Дж. (1988) «Kollektives Gedachtnis und kulturelle Identitat», в J. Assman и T. Holscher (eds.), Kultur und Gedachtnis, Франкфурт-на-Майне: Suhrkamp
3. Baes J. (2002) «Филиппин композиторлары: соңғы отаршылдық замандағы қарсы ағымдар», «XX ғасырдағы Азиаттық композиторлар», Токио
4. Baes J. и A. Baes (1988) «Шығыс-Батыстық синтез немесе Филиппин танымал музыкасындағы мәдени гегемония?», Perfect Beat
5. Vandem IM, и FE de Boer (1995) Өтпелі кезеңдегі Бали биі: Кая мен Келод, Куала-Лумпур: Оксфорд университетінің баспасы
6. Барендрегт Б. (1968) «Көп өзендер патшалығынан: оңтүстік Суматра тау бөктеріндегі есте сақтау, орын және үй туралы түсініктер», докторлық диссертация, Амстердама Университеті
7. Базилик С. (2006) «Сазанду сүйемелденетін ротин стиліндегі әншілік дәстүр мен өзгерістер», докторлық диссертация, Монаш Университеті
8. Baulch E. (2007) «Сахына құру: 1990-шы жылдардағы Балиде регги, панк пен дэт-метал», Дарем, Солтүстік Каролина: Duke University Press
9. Becker J. (1975) «Kroncong, индонезиялық көпшілік музыка», Asian Music
10. McGraw Hill Catlin A. (1987) «хмонг-әйелдер әндері: бикештер, жетімдер, жесірлер және бардтар, кітапта A. Catlin и D. Swift (eds.), «Мәтін как Тексты: Искусство хмонг женщин из Лаоса», Лос-Анджелес: The Woman's Building